



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2024 жылғы 01.11

Тамды а.

№ 67

01.11. 2024 год

п.Тамды

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ
«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-балабақшасы МҚКҚ қыметін өзін-өзі бағалауды жүргізу туралы»
Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын
бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығы және ММ «Ақтөбе облысының білім саласында
сапаны қамтамасыз ету департаментінің» 23.10.2024 жылғы бекітілген жоспары негізінде, Бұйырамын:

1. «Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-балабақшасы» МҚКҚ өзін-өзі бағалауды Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының» талаптарына сәйкес ұсынылатын білім беру қызметтерін талдау жолымен асырылсын.
2. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау мақсатында комиссия келесі құрамда бекітілсін:
 - 2.1. Ажигулова Айжан Кудайбергеновна - «Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-балабақшасы МҚКҚ меңгерушісі, комиссия төрайымы;
 - 2.2. Едигина Айнұр Орынбасарқызы - «Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-балабақшасы МҚКҚ әдіскері;
 - 2.3. Агадиева Камила Амитовна - «Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-балабақшасы МҚКҚ тәрбиешісі;
 - 2.4. Аскарова Акмарал Рамазановна - «Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-балабақшасы МҚКҚ педагог-психологі;
 - 2.5. Абдрахманова Марал Хасеновна - «Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-балабақшасы МҚКҚ тәрбиешісі;Хатшы: Касымғалиева Менсулу Омирбаевна - «Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-балабақшасы МҚКҚ тәрбиешісі
3. Өзін-өзі бағалау кезеңі: өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылы.
4. Өзін-өзі бағалау мерзімі: 2024 жылдың 01-30 қараша айы аралығында.
5. ММ «Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментке онлайн форматта сауалнама жүргізу үшін өтінішхат жіберілсін.
6. «Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-балабақшасы» МҚКҚ өзін-өзі бағалау жұмыстарын ұйымдастыру және педагогтарды нормативтік-құқық актілерімен таныстыру бойынша жоспардан тыс педагогикалық кеңес өткізілсін.
7. Өзін-өзі бағалау жөніндегі комиссияның есебі педагогикалық кеңестің отырысында қаралсын және білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізілсін.
8. Өзін-өзі бағалау материалдары бөбекжай-балабақшасының интернет-ресурсына (сайт) орналастырылсын және сілтемесі 01.12.2024 ж дейін ММ «Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне» ұсынылсын.
9. Бөбекжай-балабақшасының басшысы білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің және мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша қамқоршылық кеңес алдында есеп берсін.
10. Бұйрықтың орындалу жауапкершілігі балабақша әдіскері А.О.Едигинаға жүктелсін.
11. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Алға ауданының білім бөлімі» ММ
«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-
балабақшасы МҚКҚ-ның меңгерушісі:

А.К. Ажигулова